

Маңғыстау облысының көмірсутегі шикізаты кен орындары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1170

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамына Ащыағар, Айрантақыр, Солтүстік Аққар, Придорожное, Атамбай-Сарытөбе және Бектұрлы кен орындарында көмірсутегі шикізатын өндіруге және барлауға белгіленген тәртіппен лицензиялар беру туралы шешім дайындасын.

2. "Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 124 P970124_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтағы "Придорожное және Солтүстік Аққар" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі